



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

---

Мамыр 2022


---

2022 жылғы мамырда тұтыну бағаларының айлық өсімі 1,4%-ды құрады, бағаның жылдық өсімі 14%-ға дейін жеделдеді. Азық-түлік тауарларында нан-тоқаш өнімдері, қант, ет және сүт өнімдері бағасының көтерілгені байқалды. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың ішінде жеке күтімге арналған тауарлардың, фармацевтикалық өнімдер, киім мен аяқ киімнің бағасы едәуір артты. Ақылы қызметтерде – тұрғын үй жалдауда, амбулаториялық қызметте, мейрамхана мен қонақ үй қызметтерінде қымбатшылық жалғаса берді.

2022 жылғы мамырда инфляция айлық мәнде 1,4%-ды және жылдық мәнде 14%-ды құрады (2022 жылғы сәуірде – 13,2%).

**Азық-түлік** тауарлары бағасының жылдық өсімі 2022 жылғы мамырда 19%-ға дейін (2022 жылғы сәуірде – 17,9%) жеделдеді. Әлемде бағаның жоғары болуы мен астық қорының төмендеуіне байланысты нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасы өсе түсті. Ішкі өндіріс төмендеп, Ресейден келетін жеткізілімдер азайғандықтан, қант бағасы шарықтады. Өндірушілер бағаны көтергесін, ет пен сүт өнімдері қымбаттай түсті. Керісінше, жұмыртқа бағасы түсті. Мамыр айында көкөністің барлық түріне, соның ішінде қырыққабат, қызылша, қызанақ пен картоптың жылдық бағасы баяу өсті, ал қияр бағасы төмендеді. Алма, жүзім және цитрус бағасының өсуіне байланысты жеміс-жидектің де құны қарқынды түрде өсті.

График 1. Азық-түлік инфляциясы



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ


График 2. Азық-түлік инфляциясы



2022 жылғы мамырда **азық-түлік емес** инфляция 11,9%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы сәуірде – 11,1%). Киім мен аяқ киім, жуу және тазалық құралдары, жеке тауарлар, үйге қажетті заттар, құрылыс материалдары мен дәрі-дәрмекті қоса алғанда, тауарлардың кең спектріне баға қарқындап өсті. Бұл ретте белгіленген шекті бағалар аясында жанар-жағармай бағасы баяу өсуін жалғастырды.


**Ақылы қызметтер** инфляциясы биылғы мамырда 9,1%-ға дейін (2022 жылғы сәуірде – 8,9%) жеделдеді. Мамыр айында амбулаториялық қызметтердің, соның ішінде стоматологиялық қызметтің қымбаттағаны байқалды. Демалыс маусымының ашылуы алдында санаторийлердің, сондай-ақ әуе тасымалы қызметінің құны артты. Тұрғын үйді жалға алу бағасы да көтерілуін тоқтатқан жоқ. Сонымен қатар, шаштараз, мейрамхана мен қонақ үй бағасы да қымбаттады.

График 3. Азық-түлік емес инфляция



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 4. Ақылы қызметтер




**Өңдеуші өнеркәсіптегі баға өсімінің екінші ай қатарынан баяулауы және 2022 жылғы наурыздан бастап ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының қарқындап өсуі**

Өңдеу өнеркәсібіндегі жылдық бағаның баяу өсімі биылғы мамыр айында жалғасты және 19,5%-ды құрады (2022 жылғы сәуірде – 21,6%). Азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындар бағаны 22,6%-ға дейінгі (2022 жылғы сәуірде – 21%) қарқынмен көтерді. Бұл шағын топтың ішінде бағаны сүт, ұн, жарма және нан өнімдерін өндірушілердің өсіргені байқалды.

Ауыл шаруашылығында өндірушілер бағасы жылдық мәнде 19,7%-ға өсті (2022 жылғы сәуірде – 18,5%-ға). Өсімдік шаруашылығында бидай, жүгері, майлы тұқымдар мен жаңа піскен көкөніс бағасы жоғары қарқынмен өсті, бұл ретте жем-шөп дақылдары бағасының өсімі баяу болды. Мал шаруашылығында құс бағасы төмендегенімен, шикі сүт бағасының жылдық өсу қарқыны жоғары болды.

График 5. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

График 6. Өнеркәсіптегі бағалар

